



Ұстаздық қызық кәсіп екен. Кейде жұрттың айтқанына көнбей, өз түсінігіңмен тарта беретін сәт жиі кездеседі. Өз түсінігің, өз бағдарламаң, өз қорытынды болмаса, оқулықтың айтқанынан шықпай қойсаң шәкірт алдында абыройлы бола бермейсің. Ал алдындағы шәкірттерің мың түрлі. Ылғи беске оқып, сынақ кітапшасын кілең беске толтырып жүретіндерді онша ұната бермейтін мұғалімдер де бар. Олардың арасында өмір жолында омақаса құлап жататындары кездеседі. Ондайлар ешнәрсеге елеңдемей-ақ, сәнденбей-ақ, өз ойымен өзі әлек болып жүретіндер арасында да кездесіп жатады.

Тұрсынбек КӘКІШҰЛЫ,
Жоғары мектеп академиясының академигі, профессор

Сондайдың бірімен «дос» болғанымды айтайын деп отырмын. Осыдан он шақты жыл бұрын әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің филология факультетінің үшінші курс студенті кандидаттық диссертация жазып, ректорға жолықпақ болыпты дегенді естігенмін. Әдебиетші ұстаздардан сұрастырсам, көбісі миығынан күліп, «қайтеңіз басыңызды ауыртып» деп жауап береді. Қайсыбірі ішек-сілесі қата күліп, маззақ айналдырды. Сөйтіп жүргенде ұл екені, не қыз екені белгісіз, қырып алар арам еті жоқ, тіпті, өзін студент деп танудың өзі қиын, бір жас бала кабинетіме келді. «Ағай, алдымен кешірім сұраймын. Мені түсінетін адамды кафедра түгелі факультеттен таба алмаған соң амалсыздан Сізге келдім. Мен кандидаттық жұмыс жазып едім, соны оқып, пікірін айтатын адамға кезіге алмай жүрмін. Аузымды ашсам болды күлкілері келіп, назар аудармайды. Не істерімді білмеймін» деп, бар шаруасын бірақ айтты. Қолында түптелген 127 беттік кандидаттық диссертация.

«Жарайды, танысайын» деп алып қалдым. Мұқабадағы «Ер Сайын» эпосындағы уақыт пен кеңістік» деген тақырыпты көріп, шошып кеттім. Біріншіден, фольклор зерттеуші емеспін, екіншіден, мынадай тақырыптағы зерттеу жұмысына алғаш кездесуім. Таныстым жұмыспен — айтайын деген ойын шашыратпай, жинақы жеткізеді екен. Өзің маман болмаған соң көп жайға күдіктене қарайсың ғой. Бір шетінен студенттің осындай тақырыпқа баруының өзі құптарлық емес пе деген де ой келді.

Пікірімді білейін деп бір күні келгенде: «Менің мамандығым келмейді екен, бірақ ізденісінді тоқтатпа. Талаптана бер! Әуелі университеттің бакалавр курсың еңселеп

алған соң зерттеу ісімен шұғылданарсың» деген жылы сөзіме бұл бала мәз болып, көзінің нұры ойнап, жүзіне қан жүгіре бастады. Бұл кездесуіміз осымен аяқталды.

Университеттің соңғы курсына оқып жүргенде «Ер Сайын» жырын Азия, Еуропа, Африка халықтары фольклорымен байланыстырған, қазақтың аңыздары мен ертегі жырлары кешегі ХҰ ғасырда емес, бірнеше мың жыл бұрын тасқа басылған деген идеяны фактілермен дәлелдеген, ағылшын, жапон тіліндегі әдебиеттерге сілтеме жасаған, Ресей әдебиеттанушыларын сынаған, бұрын-соңды болмаған тұжырымдарға толы, халықаралық ғылыми жобаның концепциясымен толықтырған 300 беттік, түптелген докторлық диссертацияның қолжазбасын үйіме әкеліп тастады. Таныстым, жартысынан көбін оқып, ойымды қыдыртып алдым. Диссертация ғылыми-практикалық жағынан өте құнды, халықаралық маңызы бар еңбек екен. Диссертацияның практикалық нәтижесінде Қазақстан Республикасының Шығыс және Батыс елдерімен әдеби-мәдени байланысын жаңаша ғылыми бағыттауға қажет жоба бар.

Декан күлкіге айналдырған соң бұл бала ғылыми еңбекті қорғауға рұқсат сұрап сол кезде университетті басқарған ректор, проректорларға өтініш білдірген. Бірақ олар да назар аудармаған. Содан Президентке «Дүниежүзілік деңгейдегі ғылыми еңбекті әділ түрде қорғауға рұқсат сұраймын. Университеттің уылдырығын ұстап тұрған ардақты да білікті ұстаздарымның сенімін ақтау үшін ғылым жолына түскен мен еңбегімді ел игілігіне жаратсам деймін» (өзгеріссіз беріп отырмын. — Т.К.) деп хат жазған. Сол кездегі Білім және ғылым министрлігінің Жоғары білім департаментінің директоры Б.Әбдірасіловтен 2004 жылдың сәуір айында «Білім заңына сәйкес жоғары оқу орнын бітіріп, диплом алған соң қорғауға рұқсат етіледі» деген жауап хат келеді. Бұл студентіміз қорғау алдындағы нормаларды орындайды. Бірақ қорғауға жіберілмей,

шеттетуге тап болады. Президентке жазған хатында университет ұжымын мақтап, деканды да, басқаны жамандамаса да, бұл балаға «факультет басшылығын даттады» деген жала жабылады. 2004 жылы бакалавр бөлімін үздік аяқтаған оған диплом қорғау кезінде комиссия: «Шарафат Жылқыбаева магистратураға ұсынылсын» деген шешім шығарған болатын. Алайда, Жылқыбаева магистратураға түсу емтиханынан жоғары балл алып, қабылданғанмен, түскендердің тізіміне енгізілмей, сызылып тасталынады. Емтихан қабылдаған комиссия кешкі сағат 9-ға дейін Жылқыбаеваға небір құйтырқы сұрақтар қойып отырып алады. «Түсіп тұрған жерімнен сызып тастауға хақыларың жоқ» деген ол білімін дәлелдеп, бәрібір өзінің заңды орнын қайтарып алған. Жылқыбаева магистрлік диссертацияны да менің жетекшілігіммен қорғап, өте жоғары баға алды.

Факультет басшылығы Жылқыбаеваның Президентке жазған хатын теріс ұққан. Оның айқын көрінісін мына оқиғадан да байқауға болады. 2004 жылы Жылқыбаева Президент стипендиясының иегері атанған кезде университеттің мерейтойына Елбасы келетін болады. Президентпен кездесуге жақсы оқыған студенттер шақырылады. Шақырған соң Студенттер сарайына Жылқыбаева да бармай ма? Сарай алдында филология факультетінің деканы кездесіп, «Сен неге келесің? Қазір Президентке «филфактың» деканы магистратураға түсемін деген үздік студенттерге кедергі келтірді» деп айтайын деп тұрсың ғой» деп, кіргізбей қояды.

Көп айлар өтіп, жыл жарымға жақындағанда Шарафат: «Ағай, мен қазір «Қазақстан-Заман» газетінде қызмет істеп жүрмін. Сізден сұхбат алайын деп жатыр мұндағылар» деп хабарласты. Редакция тапсырмасын сылтау етіп, диссертациясының жайын білмек қой деп түйдім.

«Бұл жұмысыңды Әдебиет және өнер институтының директоры, фольклорист,

академик Сейіт Қасқабасовқа оқуға беріп, кейінгі тағдырын шешейік» деп, кешегі студентім, бүгінгі журналистке ақыл қостым. Қасқабасовқа хабарласса қабылдамай қойыпты.

«Қазақстан-Заман», «Қазақ әдебиеті», «Түркістан», «Жұлдыз», т.б. газет-журналдардан жапон тақырыбына арналған мақалалары мен аудармаларын оқып жүріміз Шарафат Жылқыбаеваның. «Япырмау, біз бұған жапон тілін үйреткен жоқ едік қой. Басқа біреу шығар десек, өзіміздің 3 курста оқып жүргенде жазған диссертациясымен таңқалдырған Шарафат екен ғой» деп қоямыз. Шарафаттың жапонтанушы екеніне көзіміз енді жеткендей. Газеттен мақаласын көргенге дейін біртүрлі күмәнмен, менсінбей қараушылық болғаны рас, факультет басшылығы тарапынан. Сол «Қазақстан-Заманда» істеп жүргенде ұжымы «мықты журналист» деп танып, бір сыйлыққа ұсына бақ болыпты. Бір егде журналист филология факультетінің деканынан Шарафат туралы пікір алуға бармай ма? Деканнан «Ол психикалық ауру, мән бермеңдер» деген жауап алады. «Ауру болса қызыл дипломды неге бердіңдер? Президент стипендиясын қалай алды?» депті әлгі журналист.

Жылқыбаеваның атына сыртынан айтылып жатқан кемсітушілік, тұрпайы бағалар факультетте толастады десек өтірік болар. Әлі де күмәнмен қараушылық бар. Оған себеп, Жылқыбаеваның студент кезінде Президентке диссертациясын қорғауға рұқсат сұрап жазған хаты болар. Ол хатта ешкімнің шамына тиетін сөз айтылмаса да, жай ғана қорғауға рұқсат сұрау хаты бола тұра Жылқыбаеваны түсінушілер аз болды. Жылқыбаева ойда жоқта жоғары жаққа деканды, факультет ұжымымен қоса жамандаған боп шықты. «Ол психикалық ауру» деген сөз факультет басшылығынан ара-тұра естіліп қалады. Газеттен жапонтану тақырыбындағы мақаласын көргенде, «Бұл ол емес, басқа Жылқыбаева шығар» деген сөздер де айтылып жүр. Ғылыммен айналысқан жастарды қолдау туралы ұсыныстар айтылған хатын теріске жорудың салдары осы болды.

Осындай жағдайларды бастан өткерген Жылқыбаеваны Жапония мемлекеті қызметке шақырып, Осака тіл институтында оқытып, Жапонияның Ғалымдар мен жазушылар одағына мүше етіп қабылдапты. Жапонияны еркін аралауға мүмкіндік жасап, ғылыми-шығармашылық іссапарын

ұйымдастырып беріпті. 2009 жылдың қысында Шарафат маған ақылдасуға келді. «Ағай, қазақтың бір эпосын жапон тіліне аударсам қалай болар екен?» деген ұсынысын айтты. «Аудар» дедім мен. Шарафат бір айдың ішінде «Қыз Жібек» лира-эпосын қазақ тілінен жапон тіліне тәржімалап шықты. Сол кездегі Жапонияның Қазақстандағы елшісіне апарып көрсеткен екен, ол оқып шығып, Қазақстан Жазушылар одағына «Жапон оқырмандары үшін өте құнды туынды екен, баспадан шығарып беруіңізді өтінемін» деп қол қойып, хат жазып береді. Эпостың неге осы уақытқа дейін шықпай жатқанына таңым бар. Елшінің хаты сақтаулы тұр. Шарафат Жылқыбаева жапон тілінен Күншығыс аңыздарының 10 томдығын (барлығы 500-ден астам аңыз-ертегі) қазақ тіліне аударды.

Менің столымның үстінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік тапсырысымен шыққан Шарафат Жылқыбаеваның «Күншығыс аңыздары» деп аталатын кітабы жатыр. Мұқабаның сыртындағы Шарафаттың суреті астына жазылған «Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің филология факультетінің түлегі, жапон тілінің маманы. 2003 жылы Республикалық жас ғалымдар конкурсында 1-орынды иеленген. 2004 жылы Республикалық көркем аударма конкурсының жеңімпазы атанған. 2006 жылы жапон тілінен республикалық және Орта Азиялық иешендік өнер сайысының жүлдегері. Республикалық және халықаралық басылм беттеріндегі қазақ-жапон халықтарының ынтымақтастығын өркендетуге арналған әдебиет, мәдениет, өнер тақырыбындағы мақалалардың авторы» деген жазуды оқығанда, факультет басында отырғандар «мынау кешегі студент емес шығар» деп күмәндануы әбден мүмкін. Нан мейлің, нанба мейлің, шындық осылай.

2010 жылдың қысында Украинаның Трускавец шипажайына аттанғанда Шарафаттың осы кітабын ала кеттім. Кешегі аты шулы шәкіртімнің бүгінгі қалам алысымен тереңірек танысайын, екіншіден, жапон елінің ерекшелігін білейін, азиялық болған соң бізге ұқсайтын, ұқсамайтын мінез, рәсім салттары қандай екен деген ой болды. Бұл ынтама Шарафаттың «Түркістан», «Қазақ әдебиеті» сияқты газеттерге шыққан жапонтану тақырыбындағы мақалалары себепші болып, құштарлығымды күшейтіп жіберді. Қарап отырсаң, Шарафат Жылқыбаева

әлемдік жапонтану ғылымында бұрын-соңды болмаған тың дүние атқарғаны байқалады. Қазақ пен жапон тілдеріне ортақ 5000 сөзді тауыпты. 2010 жылдың сәуір айында «Қазақ әдебиеті» газетіне шыққан жапонтанушы ғалымның «Мың бір сөз» деп аталатын мақаласынан білеміз.

Оғыз жырының жапон тіліндегі нұсқасын тауып, қазақ тіліне тәржімалаған. Бұл тақырыптағы көлемді мақаласы «Түркістан» газетінің 2010 жылғы № 46 санында жарияланды. Мураками Рю, Мураками Харуки, Акутагава Рюноске сияқты жапон жазушыларының шығармаларын тікелей қазақ тіліне аударып, кітапқа енгізді. Жапонияның тарихы, тілі, салт-дәстүрі, әдебиеті мен мәдениетіне қатысты 150-ге жуық көлемді мақалаларды халықаралық, республикалық, басылымдарға жариялады.

Шарафат Жылқыбаева жапонның мыңдаған диалект сөздерін де зерттеп, қазақ тілімен байланысын ашты. Ол Күншығыстың әр аймағын аралап, тұрғындарымен араласып жүріп, зерттеп, құнды деректерді жинады.

Ш. Жылқыбаева жапондардың арғы тегін көшпенділермен байланыстырып, «Жапондар ежелгі заманда Орта Азиядан алыстағы архипелагқа көшіп барды» деген пікірді айтты. Оны «Доками — Көк Бөрі. Жапондардың архикалық тегі туралы» («Қазақ әдебиеті», 7 тамыз, 2009 жыл), «Сақтар, ғұндар және жапондар» («Қазақ әдебиеті», 4 қыркүйек, 2009 жыл), «Сакура, сакэ, сакана» («Қазақ әдебиеті» 15 желтоқсан, 2009) және «Жұлдыз» журналының 2012 жылғы №3 санының 180 бетінде жарияланған «Жапондар қайдан шыққан?» деген сияқты мақалаларында жазды.

Халықаралық журналист ретінде жазған танымдық сұхбаттарын да көріп жүрміз. Жапония халықаралық ынтымақтастық агенттігінің өкілі Накамура Йошикацумен жүргізген «Жапондануда жарға құлаппайтын тірек — Әдебиет» деген сұхбаты «Жұлдыз» журналында 2007 жылдың қарашасында жарияланды. «Қазақ әдебиетіне» шыққан жазушы Какумура Камикавауичиен жүргізген «Самурайдың ұрпағы екенімді мақтан тұтамын», «Жазушының жан-дүниесі» тәрізді тағылымды сұхбаттары есте қалыпты. Шарафат Жылқыбаева еңбектері арқылы Жапонияны қазақ еліне танытуда. Жапонияның сонан Солтүстігін мекендейтін «айн» деп аталатын этностың аңыздарын жапон тілінен аударып шығарды. Айналардың ата-тегін көшпенді қазақпен байланыстырып, салт-дәстүріндегі ұқсастықтарды анықтай жазды. 2009 жылдың 2 қазанында шыққан «Қазақ әдебиетіндегі» «Көшпенділердің Эдзо мемлекеті туралы», «Айналар» («Түркістан», 13 қаңтар, 2011 жыл) деп аталатын мақалаларының ғылыми-танымдық маңызы терең.

Жалықпай еңбек еткен пенде әрқашан жаңалыққа кездесуге құмар болады. Мен өзімнің шәкіртім Шарафаттан осы қасиеттерді жиі байқаймын. Тіпті, күні кеше ғана «Түркістан» газетінде түркі халықтары Мәдениет қорының басшысы, «Түркі әлемі» газетінің редакторы Ахмет Дағдұранмен «Түркі идеясын еуропалық көзқараспен ұға алмаймыз» деген сұхбаты («Түркістан» газеті 13 қыркүйек, 2012) жаңашыл мәнділігімен құнды екенін көріп, Шарафаттың талпынысына риза болғандығымды жасыра алмаймын. Адамның сырт келбеті емес, ақыл-ойының өскені, парасатының биіктегені қымбат екенін естен шығармайық.